

Бөрлі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 106 "Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 983 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 карашада № 3684 болып тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 ақпандағы N 99 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 16.02.2015 N 99 қаулысымен.

1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бөрлі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 106 "Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3251 тіркелген, 2013 жылғы 16 мамырда "Бөрлі жаршысы-Бурлинские вести" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ақсай қаласының әкімі және ауылдық округтер әкімдері "Батыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаменті" мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) келісімімен объектілердің тізімдері сотқа тоқсан с а й ы н ұ с ы н ы л с ы н . "

2. Аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмысы бөлімінің басшысы (А. Дарисов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Сафималиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Тусупкалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

*БатысҚазақстан облысы бойынша
Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
Бөрлі ауданы қылмыстық-атқару
инспекциясы бөлімінің бастығы
Мазгутов Ринат Баязитович*

23.10.2014 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК